«Зияткер Туран» ЖШС мектебі

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГ ХАТТАМАСЫ

«02» қыркүйек 2024 ж.

Қатысты: мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-психологтар, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері, пән мұғалімдері.

Барлығы қатысты: 98 адам.

Төрағалық етуші: мектеп директоры Е.К. Абдрасилов

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Зияткер Туран» ЖШС мектебінің 2024-2025 оқу жылына арналған баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы бойынша педагог-психологтың жұмыс жоспарын бекіту туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Педагог-психологтың баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары туралы баяндамасы. Баяндамашы жоспардың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығымен бекітілген «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларына» сәйкес әзірленгенін, жоспарда профилактикалық-ағарту жұмысы, педагогтердің құзыреттілігін арттыру, психологиялық-әлеуметтік қолдау және мониторинг пен басқару бағыттары көзделгенін атап өтті.

ТАЛҚЫЛАНДЫ:

Отырысқа қатысушылар жоспардың мазмұнымен, іс-шаралардың мерзімдерімен және жауапты тұлғалармен танысып, ұсыныстар мен толықтырулар енгізбестен, жоспарды толық қолдайтындықтарын білдірді.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. «Зияткер Туран» ЖШС мектебінің 2024-2025 оқу жылына арналған баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы бойынша педагог-психологтың жұмыс жоспары бекітілсін.

2. Жоспардың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат тоқсан сайын педагогикалық кеңес отырысында қаралып отырылсын.

Төраға: _____ Е.К.Абдрасилов